# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қарашадағы N 1649 қаулысы. Күші жойылды - Қзақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Алматы қаласының мәртебесі және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 қазандағы N 3698 U973698_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасында:

3-бағандағы реттік нөмірі 3 жолдар "автомобиль көлігімен тасымалдау" деген сөздерден кейін "жолаушылар мен жүктерді Алматы қаласында автомобиль көлігімен тасымалдаудан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

3-бағандағы реттік нөмірі 11 жолдар:

бірінші абзац "дезинфекциялау және дезодорациялау" деген сөздерден кейін " Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац "дәрігерлік қызметпен айналысу" деген сөздерден кейін " Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа" деген сөздермен толықтырылсын.

3-бағандағы реттік нөмірі 16 жолдар "оқу орындарының қызметі" деген сөздерден кейін "Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

3-бағандағы реттік нөмірі 24 жолдар "шет елге жұмыс күшін шығаруға байланысты қызмет" деген сөздерден кейін "Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

3-бағандағы реттік нөмірі 26 және 28 жолдар "қызмет" деген сөзден кейін " Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

2-бағандағы реттік нөмірі 27 жолдардағы "мен Алматы қаласының" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 35 мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"35. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы және Алматы қаласы Қоғамдық тамақтандыру пункттерінің қызметі

Алматы қаласындағы казино. тотализаторлардың қызметі, туристік қызмет

Алматы қаласындағы лоте. реяларды (мемлекеттіктерінен басқа) ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қызмет

Алматы қаласындағы өндірістік және тұрғын үй - азаматтық объектілерді дезинфекциялау және дезодорациялау жөніндегі қызмет

Алматы қаласындағы мал-дәрігерлік қызмет

шетелден жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ Алматы қаласынан шетелге жұмыс күшін шығаруға байланысты қызмет

Алматы қаласында жолау. шылар мен жүктерді авто. мобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі қызмет

Алматы қаласында медици. налық және дәрігерлік қызметпен айналысу

Алматы қаласындағы нақты мамандықтар бойынша диплом беру құқығы бар орта және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының қызметі".

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК